

ӘОЖ 316.77.070

А.Ә. Құрманбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

Аралдың экологиялық жағдайы

Арал теңізінің бүгінгі ақуалы. Бір кезде «Аралға араша» деген жақсы бастама көтерілген болатын. Сол бастама орта жолда тоқырауға ұшырады. Бастама жарты жолдан тоқтап қалды, ал экологиялық проблема тоқтап қалған жоқ.

Түйін сөздер: цензура, экология, отаршылдық, идеология, өнер.

A.A.Kurmanbaeva
Aral's ecological condition

Sea of island today's ақуалы. In one the time, to «Island disjointing», rose well begin. That initiative met to тоқырауға middle on travelling. Talk, that initiative stayed too long travelling half, ecological problem stayed too long not.

Keywords: censorship, ecology, kolonizatorstvo, ideology, art.

A.A.Kurmanbaeva
Экологическое состояние Арала

Статья посвящена сегодняшней проблеме Аральского моря. В одно время были проведены ряд мероприятий по «спасению Арала». Но начатое дело не было продолжено, оно остановилось на полпути... И на этом все закончилось, но экологическая проблема осталась.

Ключевые слова: цензура, экология, колонизаторство, идеология, искусство.

Бүгінде экологиялық апат туралы сөз қозғайтындар зияны бірнеше ғасырсыз кетпейтіні мәлім болған Семей полигоны немесе қайығы мен балығынан айырылып, бүгінде көлшікке айналған «жесір теңіз» Арал туралы әлдеқашан ұмытқан. «Экологиялық қауіпті аймақ» деп дабыра қағылған Аралдың кепкен табанынан тұздардың ауа ұшқанын тоқтату мақсатында жасалынып жатқан шара жоққа тән. өйткені, мұнан ешқандай да қорытынды шыға қоймайтынына көз жеткізді [1].

Еліміздің мандайындағы жалғыз-жарым теңіздің (өйткені: оңтүстік басым бөлігі басқа мемлекеттердің құзырында) тағдыры жөніндегі мәселелер, запыран секілді, қайта-қайта локсып шыға беретін – заңды нәрсе. Оның қозғаушыларының бірі – бұрынғы облыс әкімі С.Шаухаманов: «Қызылорданың жеріне ұшақпен

жоғарыдан ұшып жүріп көрсеңіз, жер қар сияқты болып көрінеді. Ол – Аралдың тұзы» [2], – деп мойындайды. Ал жазушы-эколог С. Жұбатырұлының «Аралдың кепкен орны 3 млн. гектар жерді алып отыр... Ал Арал өзінің қабырғасы қайысқан күйінде қалып жатыр, – дей келе жұрттың бәрі біле бермейтін қажетті дерек келтіреді. – Мамандар «теңізді қайта қайтарудың 200-дей әрекеттері бар» дейді. Қазір экономикалық тұрғыдан ілгері басып келе жатқан еліміздің Аралға қайта мойын бұруы – уақыт күттірмейтін мәселе, – деп бір тоқтайды да, теңізді «емдеумен» шұғылданып жатқан кейбіреулердің «оның табанына өсімдік өсіреміз» сияқты ойларына кекесінмен қарап: «Біз бір нәрсені мойындауымыз керек. Ұлы теңіздің табанын шөппен жабу – таз адамның басына шаш шығарамын дегенмен бірдей нәрсе» [3], – дегені бар.

Журналист-эколог, «Аралға – араша» қоғамның мүшесі Х. Суханбердиннің ойы олардан да тереңірек: «Бүгінгі экологиялық жағдайға талдау жасау, оның зардабынан сақтану, шара қолдану, қоғамдық пікір туғызу үшін көпшіліктің білімі мен тәрбиесін көтеру керек. Ол үшін барлық оқу орындарында экологиялық білім беруді саяси-әлеуметтік деңгейге жеткізе білу қажет» [4].

Осы тақылеттес идеялар бұдан он шақты жыл бұрын көркем-әдеби тілмен, біріне екіншісі кереғар кейіпкерлерімен роман-диология түрінде айшықтар берілгеніне таңғаласың. Жоғарыда газеттердегі білдірілген жанашыр жанайқайды осыдан тура 20 жыл бұрын саналы өмірін де, қуатты шығармашылығын да теңізге тұтастай бағыштаған дарын иесі Ә. Нұрпейісов жоғарыдағы әріптес-ағасының ой-пікірін өзінің «Арал тағдырын ашық айтсақ...» тақырыпты публицистикасымен сол проблеманың өткірлігін асқақтата түскен. «Міне, мен Арал жайлы қалам тербеп отырмын. Мен үшін жер бетіндегі теңдесі жоқ қымбат та қимасым – Аралдың тағдырын сәл ойласам – болғаны, өте бір сәтті табылған экологиялық иман деген сөз сап етіп есіме түсетін болып жүр» [5] деп, бір жағынан, аталмыш мәселеге өзінің етжақындығын әйгілесе, екінші жағынан, проблемаға «экологиялық иман» тәрізді қазақи термин тауып бергенінің куәсіміз.

Жалпы, планета тірлігіне қатысты «экология» сөзі табиғатқа жасалып жатқан қиянат, зорлық-зомбылық процесі мендей еніп бара жатқаннан кейін ғана ғылыми айналымда қолданыла бастаған-ды. Әдетте ғылымның жаңа саласы әуелі теория түрінде туатын. Алайда біздің мысалымызда назария-теорияның тәжірибе «алдын орап» кеткен жайы бар.

Ғылым тарихын, оның ішінде жаратылыстану саласындағы ғылым тарихын зерттеушілер «экология» атауын америкалық публицист енгізгенін мойындаған. Сол термин иесі – Генри Давид Торо (1817-1862) оны «табиғаттану» мағынасында 1852 жылы өзінің бір мақаласында пайдаланған. «Табиғат – искусствоның нағыз жетілген туындысы» деген дәйексөзді ұран тұтқан америкалық Тороның отандасы, оқымысты Дж. Марш «Адам және табиғат немесе Жаратылыстың физикалық-жағрапиялық жағдайларының құбылысына адамның ықпалы туралы» (1864) деген кітабында қолдау білдірген. Кейбіреулер біздің нысанамыздағы

ғылым саласының негізін белгілі неміс биологы Э. Геккель (1834-1919) өзінің «Организмдердің жалпы морфологиясы» (1866) және «Әлем жаратылысының тарихи дамуы» (1868) деген еңбектерімен салды деп есептейді. Ал біздің ұстанатынымыз: «экология» сөзін тұңғыш қолданысқа енгізген авторға жеңістік беру.

Осы тұста америкалық енді бір ғалым-каламгер әрі маман-эколог Р. Риклефстің аталмыш тақырыпта жоғары оқу орнының шәкірттеріне арналған «Жалпы экология негіздері» оқу құралындағы: «Экологияның танымал сөзге айналғаны соншалық, оны не болса-соған айдар етіп таға салатын болдық. Егер біз табиғатпен қандай бір ымыраға келуге ұмтылсақ, онда көп жағдайларда оның ұсынған шарттарын қабылдауға мәжбүр боламыз» [6], – деген.

Әйгілі қазақ қаламгері Ә. Нұрпейісовтің әлемнің көптеген тілдерінде жарыққа шыққан «Соңғы парыз» диологиясы осы бер жағы – Қазақстан, ар жағы – жер шарының аясына ықпалын тигізетін бірден-бір проблеманың жүгін көтеруге «тәуекел» жасаған. Экология қаупі, автордың айтуы бойынша, – экологиялық иман. Бүгінде күллі жұрт болып үрейленіп-үркіп отырған атом, термоядролық немесе химиялық соғыстар экологиялық апат алдында жолда қалатынына кейбіреулердің зердесі жете бермейді. Бұл дегеніңіз – **жаһандық экологиялық ақырзаманды** сезе білмеушілік.

Әйтпесе, өз жеріміздегі ғана сарқылған жалғыз Арал емес, екі күннің бірінде Нарын құмында жасалып жатқан сынақтар, кеше ғана көзі өшсе де тау қойнауларында көмулі қалған, жартылай ыдыраулары мыңдаған жылға созылатын уран, плутоний элементтерінің қалдықтары жойылмаған Семей жері, бір мезгілде бірлі-жарымын былай қойып, ондаған зымырандарының тынымсыз зіркілі жер оятын Байқоңыр баурайы... Оларға күні кеше қосылған, ананың жатырындағы нәрестені хайуан қалпына келтіре бастаған Шиелі уран рудниктері... Бұларға қоса мемлекет жасырын жасап жатқан зерттеулер мен сынақтар... Бұлардың барлығы айналып-үйіріліп келгенде, экологиялық апаттың құранды көздері. Бұлар – АҚШ, Ресей, Ұлыбритания секілді монстрлардан бастап, күні бүгінгі Солтүстік Корея, Иран аймақтарындағы Әлемдік Экологиялық Жаһандандудың компоненттері екенін бар болмысымызбен сезінуге тиістіміз.

«Соңғы парыз» сол сұрқия шындығымызды былайша айшықтап береді: «Ал-бөтен бұның (дилогияның бас кейіпкерінің. – А.Қ.) жеке басына түсіп отырған нәубат болса екен-ау. Әрілесе, тек Арал өңіріне келген қасірет болса бір сәрі ғой... Ал мынау күллі қазақтың, қазақ халқының басына қара күн орнатқан, сұм заманның сұмдық зауалына айналып, етек алып барады. Әсіресе, кеше Арал тартылып, ана жақта – Семей мына жақта – Байқоңыр. Ол аз дегендей, Маңғыстаудың мидай жазық даласы мен Ақтөбенің қатпар-қатпар кәрі таулары, Орал мен Орданың шағыл құмдарына үсті-үстіне бомба жарып, ұлан-байтақ жер-су, ел-жұрт жаппай полигонға айналғалы бері бұл дүниеде қазақ татпаған у мен дерт қалды ма? Әне, жас ана құрсақ көтерсе, үзірлі, кеміс бала туып, ұрпақ азып барады» [7]. Біз алдыңғы абзацта бастан кешіп отырған қасіретімізді, құрғақ сөзбен салқын баяндасақ, әдебиет зергері осындай әшекейлі түрде ащы да болса ашық кескіндеме жасаған. Сезімтал оқырман жаны жазарманмен бірге егіліп отыраы талассыз деп танып, мойындағың келеді.

Тұмса табиғатқа мұншама жабайылықпен шеңгел сылу, сол пайдкүнөмдік пиғылын неғұрлым молынан жүзеге асыру үшін техника-жыртқыштың қыруар түрлерін жасап жатқаны әлемге аян. Соларды тұрмысқа ендіру жолында сан алуан жолдар мен амалдар қарастырылатыны жіті көз әр азаматқа аян. Алайда біз кәусар ауаны, шүйгін жерді, мөлдір суды кәдеге асырғысыз ғып жатқан арамза адамдарды емес, оның қолынан шыққан, тек игілік үшін жасалуы тиіс техникадан көретініміз – келеңсіздеу.

«Жаралы тұз қашағандарын да анталаған қорқаулардың топ-топ. Олар «қансыраған» Аралдан да кірісін түгелдеп бағады. Диологиядағы ондайлардың «бас белсендісі» Әзімнің «ұлы ойы іске асып, бұлар дегеніне жетті бар ма, атақты Тұран ойпатының жақында пайда болған Арал ойпатына тың көтеруге жиналған, әлгі айналып кетейін қырық сідік Совет жастары күні ертең бір кісінің баласындай, бір ененің бауырын бөліп емген тел қозыдай боп, бір бөтелкені бөліп ішіп бір селеткені бөле-жара ашылап, туыс боп бауырласып шыға келер еді-ау!» [8]. Эзопқа бергісіз ойып түсетін тотияйын тілмен жазушының астарлап кескіндеген полотносы кім-кімді де бей-жай қалдырмас!..

Автор туған теңізінің басына төнген қасырет

бұлты онан сайын қоюлана түскенде, хал-ахуалдың қандай болатынына запыран қиял жүгірте түседі. Теңіз неғұрлым тартылып, жер неғұрлым азып, жайылған сайын Аралдың Әзім секілді жанашырсымақтары да соғұрлым «белсенділігін» арттыра түсері сөзсіз. Сондайда Үкімет те «құтқару шараларын» жасап, талай-талай төтенше комиссиялар құрар. Олар өз кезегінде қат-қат қаулылар қабылдар. Сөйлемдері орысша жасалған, «қазақ тілді» жобалар мен жоспарлар жарияланар. «Арал тағдыры – адам тағдыры» деген пәк-әдемі сөзді «жаңа қазақтар», «қара қазақтар» қызыл тілді қайраққа жанып-жанып алып, аңқау халық алдында ана мінбеден де, мына мінбеден де түспес. Бірақ тұз астында тұншығып жатқан сорлы өлкенің соры қайнаған халқына онан не септік болар?!.

Олардың бір «көсемі» Әзім: «...Теңіз астынан босаған пәленбай құнарлы жерге түгенбай мақта егеміз, күріш егеміз, ақшаңқан үйлер, сарайлар саламыз, скверлер, алаңдар, су атқылағыш фонтандар мен жасыл ағаш саясында ғашықтар үздігеді. Ит жетелеген әйелдер серуендейді. Баяғы ата-баба тұрсын, қазіргі ұрпақтың түсіне кірмеген ұжмақ өмір соңыра осы теңіздің түбінен босаған жерде гүл атады. Бүгінгі ұрпақ сол ұжымақты ақиқат көреді, көргенді айтасың, сол ұжымақта тіршілік кешеді, соған кепілмін»[9].

Автор романының өн бойында теңізді тек балық аулау көзі деп есептемейтінін аңғару оңай. Арал – осы аймақтың күллі жаратылыс-табиғатымен қабыса тіршілік жасап жатқан құдды бір тірі организм. Жағрапиялық, топологиялық жағынан қарағанда, төңірегін қоршаған қарағайлы, қайыңды орманы самсаған таулардан жұрдай, ана тұс, мына тұсында жыңғыл, сексеуіл қылтиған ысылдаған құм арасындағы жарқырап жатқан алтын алқа дерсің.

Роман жазылып жатқан тұста Өзбек Ғылым академиясының академигі С. Камалов: «Бүгінде бүкіл аймақ аса күрделі, апатты экологиялық жағдайды бастан кешіп отыр. Табиғат пен адамдар тура келген үш бірдей зауалға душар болды: климат құрғап, күрт континентальды бола бастады, жер мейлінше сортаңданып, құнарлылығын толық жоюда, егістік пен ауыз суға пайдаланатын судың сапасы күрт нашарлап кетті. Зерттеушілердің көрсетіп отырғанындай, Арал жағалауларының шөлге айналуы аймақ төңірегінен шығып, тез түрде кең ауқымды процеске айналып барады. Оның

сипатын бұған дейінгі қандай да бір бақыланған нәрселермен, оқиғамен ешбір салыстыруға болмайды. Сәйкессіздік етек алып, бүкіл экологиялық жүйе бұзылуда [10], – деп алғашқы айқайшылардың бірі болған. Публицистік дабыл жазылған, дәйексөз иесі, Өзбек ҒА Қарақалпақ филиалының төрағасының атап көрсеткен үш бірдей зауалды оның бауырласы, жазушы О.Әбдірахманов тап сол тұста «Аралым – дертім менің» атты публицистикалық мақаласында лирикалық-трагедиялық мақаммен былай жеткізген: «Сақи Арал жетпісінші жылдарға дейін Орта Азия мен Қазақстанның жанары секілді мөлдіреп тұрды. Сол өзін тойындырып тұрған екі емшектен біртіндеп айырылғаннан кейін, анасынан айырылған жетімдей, көз жасын ішіне жұтып, бірте-бірте семе бастады. Бұл дәуірді тілі мірдің оғындай бір жазушы: «Арал ғажайып ауыр ажалмен өліп барады» [11], – деп суреттеген. Біз айтып отырған романның бүкіл көтерген шығармашылық жүгі – экологиялық иман проблемалары автор тарапынан әдеби-көркем әшекеймен, образды түрде адал, ақеден оқырман көкейі қалаған шешімін тауып жатады.

Туындының оқырман сарайына енгеніне

де бірсыпыра уақыт болды. Ол рухани өз бояуымен өмір ғұрпына да енді-ау деп білеміз. Осы сәтте еліміздегі аз санды жаратылыс жанашырларының бір көшбастаушысы, өз нысаның озық білетін академик Ә.Бейсенова «Экономика және экология» атты мақаласында: «Қазақстанның қазіргі экологиялық жағдайлары маземес екені көпке мәлім... Қазір эколог-кадрлар көптеген оқу орындарында дайындалады. Бірақ солардың білім сапасы, тәжірибе жинақтауы көңілге күдік ұялатады», [12] – деп жазды. Ал біздің пайымдауымызша, «Соңғы парыз» – аталмыш проблеманы әдеби-көркем кейіпте шешуге бірден-бір катализатор жүгін арқалауға дайын оқу құралына қосымша яғни құнарлы қазақ тілімен, ғажап сюжеттік шиленістермен орындалған әдістемелік шығарма.

Классикалық-психологиялық диалогияның аяқталар шенінде: «Есалаң сорлы, есінді жый! Оңың мен солыңа қара! Басқаны ойламасаң да ойраны шыққан мына дүниенің ертеңі не боларын ойласаң еді? Осы дүниеге соңыра, өзіңнен кейін келетін сорлы ұрпақтың күні не болатынын ойласандар еді!» [13] – деген жолдар өлі мен тіріге бірдей үйірілген экологиялық иман ба екен?!

Әдебиеттер

- 1 Бөкейханқызы Л. «Дала мен Қала». – 2006. – 02-24.
- 2 Дала мен қала. – 2007. – 21 қыркүйек.
- 3 Дала мен қала. – 2007. – 21 қыркүйек.
- 4 Алматы ақшамы. – 2007. – 27 қыркүйек.
- 5 «Аралым – арым, Балқашым – бағым» жинағы. – А.: Қайнар, 1988. – 42-54 бб.
- 6 Риклефс Р. – Основы общей экологии. – М.: Высшая школа, 1979. – 382 б.
- 7 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман-диалогия. – А.: Жазушы, 1999. – 49-50 бб.
- 8 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман-диалогия. – А.: Жазушы, 1999. – 271б.
- 9 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман-диалогия. – А.: Жазушы, 1999. – 124б.
- 10 Арал тағдыры. Жинақ. – А.: Қазақстан, 1989. – 79 б.
- 11 Арал тағдыры. Жинақ. – А.: Қазақстан, 1989. – 195 б.
- 12 Егемен Қазақстан. – 2007. – 13 қаңтар.
- 13 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман-диалогия. – А.: Жазушы, 1999. – 444 б

References

- 1 Bokeikhankyzy L. 'Dala men Kala' 2006-02-24:
- 2 'Dala men Kala' – 2007- 21-09:
- 3 'Dala men Kala' – 2007- 21-09:
- 4 "Almaty akshamy"-2007-27-09
- 5 "Aralym – arym, Balkashym – bagym" zhimagy. – A: Kainar, 1988. – 42-54 bb.
- 6 Riklefs R. – Osnovy obshchei ecologi – M. Vysshaya shkola, 1979. – 382 b.
- 7 Nurpeysov A. Songy paryz. Roman-dilogiya. – A.: Zhazushy, 1999. – 271 b.
- 8 Nurpeysov A. Songy paryz. Roman-dilogiya. – A.: Zhazushy, 1999. – 124 b.
- 9 Aral tagdyry. Zhinak. – A.:Kazakhstan, 1989. – 79 b.
- 10 Aral tagdyry. Zhinak. – A.:Kazakhstan, 1989. – 195b.
- 11 Egemen Kazakhstan. – 2007-13.01.
- 12 Nurpeysov A. Songy paryz. Roman-dilogiya. – A.: Zhazushy, 1999. – 444 b.